

**Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 29 наурыздағы № 63 "Жеке тұрғын үй қорындағы және жалға берілетін үйлердегі тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төлемақы төлеу жөніндегі шығыстары жергілікті бюджетке жүктелген азаматтардың санаттарын айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Бұрғыз аудандық мәслихатының 2021 жылғы 21 желтоқсандағы № 87 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 28 желтоқсанда № 26155 болып тіркелді

Бұрғыз аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Аудандық мәслихаттың "Жеке тұрғын үй қорындағы және жалға берілетін үйлердегі тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төлемақы төлеу жөніндегі шығыстары жергілікті бюджетке жүктелген азаматтардың санаттарын айқындау туралы" 2013 жылғы 29 наурыздағы № 63 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3560 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 - тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Жеке тұрғын үй қорындағы және жалға берілетін үйлердегі тұрғынжайды пайдаланғаны үшін, төлемақыны төлеу жөніндегі шығыстары жергілікті бюджетке жүктелген азаматтардың санаттары айқындалсын:

Ұлы Отан соғысының ардагерлері;

Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Бұрғыз аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*Н. Қызбергенов*